

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 наурыздағы № 20/3-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 сәуірде № 5588 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2018 жылғы 18 маусымдағы № 23/3-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 18.06.2018 № 23/3-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 1-тармағының 15) -тармақшасына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың ұлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес шешімдердің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Күршім аудандық
мәслихаттың хатшысы

Қ. Шапатов

M. Саганақов

Күршім аудандық

мәслихатының

2018 жылғы 13 наурыздағы

№ 20/3-VI шешіміне

1 қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар) пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - уәкілетті ұйым) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға.

1-1) атаулы күндер - жалпы халықтық тарихи, рухани және мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия - өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Күршім ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі -Шығыс Қазақстан облысының статистикалық органдары есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері - Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы - отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) орталық атқарушы орган - халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган;

7) өмірлік қыын жағдай - азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

8) уәкілдегі орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Күршім ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

9) уәкілдегі ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы " коммерциялық емес акционерлық қоғамының Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы - "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы" департаментінің Күршім аудандық бөлімшесі;

10) участекілік комиссия - әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Күршім ауданының ауылдық округ әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде Күршім ауданының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы құндер мен мереке құндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

3. Осы Қағидалар Күршім ауданының аумағында тіркелген тұлғаларға таралады.

4. Әлеуметтік көмек жылына бір рет көрсетіледі.

5. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеудің тәртібі

6. Әлеуметтік көмек алушылар санатының тізбесі:

1) жетімдік;

2) ата-ананың қамқорлығынсыз қалу;

3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез-құлық;

3-1) кәмелетке толмағандардың ерекше режимде ұстайтын білім беру үйымдарында болу;

4) үш жасқа дейінгі балалардың туғаннан бастапқы психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінің шектелуі;

5) дene және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;

6) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

7) жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

8) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік;

9) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

10) бас бостандығынан айыру орындарынан босау;

11) пробация қызметінің есебінде болу негіздері бойынша өмірлік қын жағдайда деп танылуы мүмкін.

7. Жан басына шаққандағы орташа табыстың шегі ең төмен күнкөріс деңгейінің елу пайызы мөлшерінде белгіленсін.

8. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді. Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері - 42 айлық есептік көрсеткіш.

8-1. Әлеуметтік көмек, Күршім ауданының орталық аудандық ауруханасының тізіміне сәйкес, әлеуметтік мәні бар аурулары және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулары бар адамдарға кірісін есепке алмай, ай сайын 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

9. Атаулы құндер мен мереке құндеріне бір реттік әлеуметтік көмек азаматтардың мынадай санаттарына көрсетіледі:

1) Ауғанстан аумағынан әскерлерді шығару күні, интернационалист-жауынгерлерді еске алу күні - 15 ақпан:

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қымылдарға қатыскандарға - 35 айлық есептік көрсеткіш;

2) Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз:

"Алтын алқа" алқасымен, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналарға - 5 айлық есептік көрсеткіш;

"Күміс алқа" алқасымен марапатталған көп балалы аналарға - 5 айлық есептік көрсеткіш;

төрт және одан аса бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға - 5 айлық есептік көрсеткіш;

3) Халықаралық радиациялық авариялар мен апаттар құрбандарын еске алу күні - 26 сәуір:

1986-1989 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға - 35 айлық есептік көрсеткіш;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға - 25 айлық есептік көрсеткіш;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысуышыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына - 35 айлық есептік көрсеткіш;

4) Женіс күні - 9 мамыр:

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысуышыларына - 215 айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз өскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталғандарға - 25 айлық есептік көрсеткіш.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

10. Атаулы күндер мен мейрам күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей, уәкілетті ұйымның немесе басқа ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізімдер бойынша көрсетіледі.

11. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын күеландыратын құжат;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатт;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген "Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына" 1 қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтер.
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер;
- 5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын акт және/немесе құжат.

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдайға түсken адамдар (отбасылар) өтінішті оқиға болған күnnен бастап үш ай ішінде береді.

12. Құжаттар салыстырып тексеру үшін тұпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

13. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түсken кезде уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

14. Участекелік комиссия құжаттарды алған күnnен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына" 2, 3 қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (

отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілдегі органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне жібереді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілдегі органға жібереді.

15. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілдегі орган әлеуметтік көмек көрсету үшін ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

16. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілдегі орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілдегі органдар мен үйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

17. Уәкілдегі орган учаскелік комиссиядан құжаттар келіп тұсken күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

18. Арнайы комиссия құжаттар келіп тұсken күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсетудің қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

19. Уәкілдегі орган әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш берушінің құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсетудің қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 15 және 16 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілдегі орган өтініш берушіден немесе кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

20. Уәкілдегі орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда - негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушінің жазбаша хабардар етеді.

21. Белгіленген негіздемелердің бірі бойынша әлеуметтік көмек бір күн-тізбелік жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

22. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш берушілер ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін қалалық мәслихат белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

23. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру жергілікті бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

24. Әлеуметтік көмек келесі жағдайларына тоқтатылады:

1) алушы қайтыс болғанда;

2) алушы Күршім ауданы шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

25. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіпте қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

26. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі және есепке алушы уәкілдегі орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Күршім аудандық
мәслихатының
2018 жылғы 13 наурыздагы
№ 20/3-VI шешіміне
2 қосымша

1) "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 17-5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3318 болып тіркелген, 2014 жылдың 28 мамырында аудандық "Рауан-Заря" газеттерінде жарияланған);

2) "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18

сәуірдегі № 7-5 шешіміне өгерістер енгізу туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2015 жылғы 16 наурыздағы № 22-7 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3892 болып тіркелген, 2015 жылдың 26 мамырында аудандық "Рауан-Заря" газеттерінде жарияланған);

3) "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 7-5 шешіміне толықтыру енгізу туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 2/7-VI шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4538 болып тіркелген, 2016 жылдың 25 мамырында аудандық "Рауан-Заря" газеттерінде жарияланған).